



Аудиторская компания «Finex Standart»

РК, г. Нур-Султан,  
010000, район Байконур,  
Ул Иманбаева 5А, БЦ «Шанырақ-1», офис 307  
Т: +7 (7172) 626 130, +7 707 705 27 53  
E: finex@auditfs.kz; W: www.auditfs.kz



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУДИТОРЛАҚ ҚАМАСЫНЫҢ  
АУДИТОРЛАҚ ҚАМАСЫНЫҢ БАСҚАУШЫ ДАЙЫНДАЛҒАН ҚАРЖЫ ТҮРАЛЫ  
ҚАРАШЫЛЫҚ ТҮРАЛЫ БАСҚАУШЫНЫҢ МҰЛКІТІН АУДИТОР  
ҚАРАШЫЛЫҚ ҚАРЖЫ ТҮРАЛЫ БАСҚАУ  
ҚАРАШЫЛЫҚ ҚАРЖЫ ТҮРАЛЫ БАСҚАУШЫ ДАЙЫНДАЛҒАН ҚАРЖЫ ТҮРАЛЫ БАСҚАУ  
ҚАРАШЫЛЫҚ ҚАРЖЫ ТҮРАЛЫ БАСҚАУШЫ ДАЙЫНДАЛҒАН ҚАРЖЫ ТҮРАЛЫ БАСҚАУ  
ҚАРАШЫЛЫҚ ҚАРЖЫ ТҮРАЛЫ БАСҚАУШЫ ДАЙЫНДАЛҒАН ҚАРЖЫ ТҮРАЛЫ БАСҚАУ

- 1. Қаржы есебі
- 2. Қаржы есебінің мақсаты мен мазмұны
- 3. Қаржы есебінің түрлері мен мақсаттары
- 4. Қаржы есебінің құрылымы мен мазмұны
- 5. Қаржы есебінің құрылымы мен мазмұны
- 6. Қаржы есебінің құрылымы мен мазмұны
- 7. Қаржы есебінің құрылымы мен мазмұны
- 8. Қаржы есебінің құрылымы мен мазмұны
- 9. Қаржы есебінің құрылымы мен мазмұны
- 10. Қаржы есебінің құрылымы мен мазмұны
- 11. Қаржы есебінің құрылымы мен мазмұны
- 12. Қаржы есебінің құрылымы мен мазмұны
- 13. Қаржы есебінің құрылымы мен мазмұны
- 14. Қаржы есебінің құрылымы мен мазмұны
- 15. Қаржы есебінің құрылымы мен мазмұны
- 16. Қаржы есебінің құрылымы мен мазмұны
- 17. Қаржы есебінің құрылымы мен мазмұны
- 18. Қаржы есебінің құрылымы мен мазмұны
- 19. Қаржы есебінің құрылымы мен мазмұны
- 20. Қаржы есебінің құрылымы мен мазмұны
- 21. Қаржы есебінің құрылымы мен мазмұны
- 22. Қаржы есебінің құрылымы мен мазмұны

**«Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ  
2019 жылдың 31 желтоқсанына біткен  
ХҚЕС –қа сәйкес дайындалған қаржылық есебі және тәуелсіз аудитордың аудиторлық қорытындысы**



## МАЗМҰНЫ

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық қорытындысы .....	1
2019 ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДЫҚ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚТЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ	
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП.....	5
ПАЙДАЛАР МЕН ЗИЯНДАР ЖӘНЕ БАСҚА ДА ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ЕСЕП .....	6
АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП .....	7
КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП .....	8
1. Қызмет сипаты .....	9
2. Қаржылық есептілікті ұсыну негізі .....	9
3. Есеп саясатының негізгі қағидаттарына шолу .....	12
4. Ақша қаражаттары мен оның баламалары .....	23
5. Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар .....	24
6. Сатып алушылардың қысқа мерзімді дебиторлық берешектері .....	24
7. Қорлар .....	24
8. Ағымдағы тасбы салығы .....	25
9. Басқа да қысқа мерзімді активтер .....	25
10. Негізгі құралдар .....	25
11. Материалдық емес активтер .....	26
12. Жабдықтаушыларға қысқа мерзімді кредиторлық берешек .....	26
13. Салықтар мен аударымдар бойынша міндеттемелер .....	27
14. Қызметкерлерге сыйақы .....	27
15. Басқа да бағаланған міндеттемелер .....	27
16. Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер .....	27
17. Капитал .....	27
18. Түсім .....	28
19. Көрсетілген қызметтің өзіндік құны .....	28
20. Өткізу бойынша шығындар .....	29
21. Әкімшілік шығындар .....	29
22. Басқа да табыстар мен шығындар .....	29
23. Қаржыландыру бойынша табыс .....	30
24. Табыс салығы бойынша шығындар .....	30
25. «Болашақ» бағдарламасын жүзеге асыру шеңберіндегі активтер мен міндеттемелер .....	30
26. Байланысты тараптармен болған операциялар .....	33
27. Есеп уақытынан кейінгі оқиғалар және шартты міндеттемелер .....	33
28. Қаржылық тәуекелділіктерді басқару .....	35
29. Капиталды басқару .....	37





«Finex-Standart» ЖШС  
аудиторлық ұйымы  
finex\_st@mail.ru  
www.auditfs.kz

Аудиторская организация  
ОО «Finex-Standart»  
finex\_st@mail.ru  
www.auditfs.kz

«Finex-Standart» LLP  
audit organization  
finex\_st@mail.ru  
www.auditfs.kz

010005, РК, Нур-Сұлтан қаласы, Байқоңыр ауданы, Ш. Иманбаев көшесі, 5А, 307 к.  
тел.: +7 (7172) 62-61-30, +7 (707) 805-27-53, +7 (701) 951-40-80, +7 (701) 757-16-30

010005, РК, г. Нур-Султан, район Байқоңыр, улица Ш. Иманбаева, д. 5А, к. 307  
тел.: +7 (7172) 62-61-30, +7 (707) 805-27-53, +7 (701) 951-40-80, +7 (701) 757-16-30



## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

### «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ жалғыз акционері және басшылығына

#### *Ескертуі бар пікір*

Біз «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ (әрі қарай -Компания) 31 желтоқсан 2019ж. қаржылық жағдай туралы есеп, пайдалар мен зияндар және басқа да жиынтық табыс туралы есеп, меншік капиталдағы өзгеріс туралы есеп, ақша қаражаттары қозғалысы туралы есептен, сол сияқты есеп саясаты ережелерінің қысқаша сипаты мен осы қаржылық есептілікке берілген ескертпеден тұратын, көрсетілген мерзімге аяқталған жылдың беріліп отырған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.


Біздің пікірімізше қоса берілген қаржылық есептілік «Ескертуі бар пікір білдіру үшін негіз» деген бөлімде сипатталған жағдайлардың әсерінен басқа «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамының 31 желтоқсан 2019ж. қаржылық жағдайын, сол сияқты көрсетілген мерзімде аяқталған жылдағы қызметтің қаржылық нәтижесін және ақша қаражаттарының қозғалысын Қаржылық есептің халықаралық стандарттарына сәйкес барлық маңызды аспектілері тұрғысынан шынайы көрсетеді.

#### *Ескертуі бар пікір білдіру үшін негіз*

Біз аудитті Аудиттің халықаралық стандарттарына (АХС) сәйкес өткіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз бұдан әрі біздің қорытындымыздың «Қаржылық есептілік аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз бухгалтерлерге арналған халықаралық Этика стандарттары жөніндегі кеңестің Кәсіби бухгалтерлерінің этика кодексіне (БЭХСК Кодексі) және Қазақстан Республикасында біздің аудитке қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Компанияға қатысты тәуелсізбіз және осы талаптар мен БЭХСК Кодексіне сәйкес біз басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің ескертуі бар пікір білдіру үшін негіз болуға жеткілікті және тиісті болып табылады деп есептейміз.

Біз 2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша стипендиялардан айырылған немесе стипендиялардан бас тартқан тұлғалардың тиісінше 110 451 902 мың теңге және 119 016 144 мың теңге сомасындағы берешектерін қоспағанда, Компанияның есеп саясатында «Болашақ» бағдарламасы бойынша стипендиаттардың дебиторлық берешегін растау регламентінің болмауы салдарынан «Болашақ»бағдарламасы бойынша ұзақ мерзімді активтерге қатысты баламалы рәсімдердің көмегімен жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдемелерді ала алмадық. Компания агент ретінде әрекет ете отырып, «Болашақ» бағдарламасы бойынша қаржылық есептілікте активтерді тану кезінде, стипендиат оқуды аяқтаған және берілген сыйлық бойынша өз міндеттемелерін орындаған кезеңде өзара есептесуге жататын «Болашақ» бағдарламасы бойынша міндеттемелерді де бірге таниды.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есепте «Болашақ» бағдарламасы бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер тиісінше 115 508 727 мың





теңге және 119 010 159 мың теңгені құрады. Яғни, стипендиаттар шарттық міндеттемелерді орындаған жағдайда, бұл қаржылық есептегі сәйкес міндеттемелерді азайтуға алып келеді.

### **Басшылық пен корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалардың қаржылық есептілікке жауапкершілігі**

Басшылық ХҚЕС-ке сәйкес көрсетілген қаржылық есептілікті дайындау мен шынайы ұсыну және теріс пиғылды әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалаушылықтары жоқ қаржылық есептілікті дайындауға қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты болады.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашуға және басшылық Компанияны таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген немесе оның қызметін тоқтатудан немесе тоқтатудан басқа қандай да бір нақты балама болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі негізінде есептілікті жасауға жауапты болады.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Компанияның қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапты болады.

### **Қаржылық есептіліктің аудитіне аудитордың жауапкершілігі**

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілікте теріс пиғылды әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалаушылықтар жоқтығына ақылға қонымды сенімділік алу және біздің пікіріміз бар аудиторлық қорытынды шығару болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік бұл жоғары дәрежедегі сенімділікті білдіреді, бірақ Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалаушылықтар бар болған жағдайда оларды әрдайым анықтайды дегеннің кепілі емес. Бұрмалаулар теріс пиғылды әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және олар елеулі болып саналады, егер жеке немесе жиынтығында осы қаржылық есептілік негізінде пайдаланушылардың қабылдайтын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде болжанса.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудит шеңберінде біз кәсіби пікірді қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз төмендегілерді орындаймыз:

- теріс пиғылды әрекеттер немесе қателер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық әрекеттерді әзірлейміз және өткіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдемелерді аламыз. Теріс пиғылды іс-әрекеттер нәтижесінде болған елеулі бұрмалауды таппау қауіпі, қатенің нәтижесінде болған елеулі бұрмалауды таппау тәуекеліне карағанда жоғары, өйткені теріс пиғылды іс-әрекеттер сөз байласу, жалған сөз байласу, қасақана жазбай кету, ақпаратты бұрмалау немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту іс-әрекеттерін қамтуы мүмкін;
- компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық әрекеттерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесі түсінігін аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаудың және басшылық дайындаған ақпаратты сәйкесінше ашылуының негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолданудың заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал нәтижесінде Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне айтарлықтай күмән туындауы мүмкін оқиғалар мен жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктің бар – жоғы туралы алынған аудиторлық дәлелдер негізінде қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы қорытындыға келсек, біз аудиторлық қорытындыда қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісті ашуға назар аударуымыз керек немесе, егер мұндай ақпаратты ашу тиісті емес болса, біздің пікірімізді өзгертуіміз керек. Біздің қорытындылар аудиторлық қорытындының күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;

➤ жалпы қаржылық есептілікті, оның құрылымы мен мазмұнын, оның ішінде ақпаратты ашуды, сондай-ақ оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғалар қаржылық есептіліктің шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей берілуін бағалауды жүргіземіз.

Біз корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалармен ақпараттық өзара қарым-қатынасты жүзеге асырамыз, оларға басқа мәліметтерден бөлек, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер, соның ішінде аудит процесінде анықталатын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты жеткіземіз.

**Нәтижесі бойынша тәуелсіз аудитордың осы қорытындысы шығарылған аудиттің жетекшісі**

**Жанабекова А.И. /ҚР аудиторы**



Аудитордың біліктілік куәлігі  
27.08.2012 ж. № МФ - 0000087

Аудитордың мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,  
Нұр-Сұлтан қ., Иманбаев көшесі, үй 5А, офис 307

Заңды тұлғаның мемлекеттік лицензиясы  
24.05.2017 ж. № 17009369

Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
2020 жылдың 10 сәуірі



**31 желтоқсан 2019 жылы аяқталған жылдың жеке қаржылық есебін дайындау және бекіту үшін жауапкершілігі туралы басшылықтың мәлімдемесі**

Тәуелсіз аудитордың ұсынған аудиторлық қорытындысында қамтылған аудиторлардың міндеттерін сипаттаумен бірге қаралатын төмендегі өтініш «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Компания) 2019 жылғы қаржылық есептілігіне қатысты аудиторлар мен басшылықтың жауапкершілігін шектеу мақсатында жасалды. Басшылық 2019 жылғы 31 желтоқсандағы Компанияның қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның қызметінің нәтижелерін, ақша қаражатының қозғалысын және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес осы күнге аяқталған жыл ішіндегі капиталдағы өзгерістерді нақты көрсететін қаржылық есептілікті дайындауға жауап береді.

***Есептілікті дайындау кезінде Компания басшылығы келесілерге жауапты:***

- бухгалтерлік есептің тиісті қағидаттарын таңдау және оларды ретімен қолдану;
- негізделген бағалар мен есептеулерді қолдануға;
- ХҚЕС талаптарын сақтау немесе қаржылық есептілікке ескертпелерде ХҚЕС-тен барлық елеулі ауытқуларды ашуға;
- мұндай жорамал заңсыз болған жағдайларды қоспағанда, Компания өзінің қызметін таяу болашақта жалғастыратын болады деген жорамалдан кейін қаржылық есептілікті дайындауға.

***Компания басшылығы келесілер үшін жауапты:***

- тұтас Компанияда ішкі бақылаудың тиімді және сенімді жүйесін әзірлеу, енгізу және жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- кез келген уақытта Компанияның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты жеткілікті дәрежедегі дәлдікпен дайындауға және қаржылық есептіліктің қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесін қолдау;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізу;
- Компания активтерін қорғау үшін өз құзыреті шегінде шаралар қабылдау;
- теріс пиғылды әрекеттер және басқа да бұрмалаушылық фактілерін анықтау және алдын алу.


***Компания басшылығы мәлімдейді:***

- барлық операциялар бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік деректерінде көрсетілді;
- бухгалтерлік және ішкі бақылау жүйелерінің жұмыс істеуінде маңызды рөл атқаратын басшылық немесе қызметкерлер тарапынан бұзушылықтарға жол берілген жоқ, сондай-ақ қаржылық есептілікке елеулі әсер етуі мүмкін бұзушылықтарға жол берілген жоқ;
- қаржылық есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын немесе жіктелуін айтарлықтай өзгертетін ешқандай жоспарлар мен ниеттері жоқ;
- әділ құн бойынша бағалауды қоса алғанда, есептік бағалауды дайындау кезінде пайдаланылатын жорамалдар негізделген болып табылады;
- байланысты тараптармен қарым-қатынастар мен операциялар қаржылық есептілікке ескертпелерде тиісті түрде ескерілді және ашылған;
- Халықаралық стандарттар түзетулер енгізуді немесе ашуды талап ететін, қаржылық есептілік күнінен кейін болған барлық оқиғаларға қатысты тиісті түзетулер мен ашылымдар енгізілді.

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ХҚЕС сәйкес дайындалған, қоса беріліп отырған қаржылық есептілікке 2020 жылғы «10» сәуір атқарушы орган қол қойды.

**Компания Басшылығы атынан қол қойылды және бекітілді:**

  
Президент  
Карбозова А.Б.  
М.О.

  
Бас бухгалтер  
Мартабасва Б.А.




(мың теңгемен)

	Ескер.	31 желтоқсан 2019 жыл	31 желтоқсан 2018 жыл
<b>ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР</b>			
Ақша қаражаттары мен оның баламалары	4	704 083	164 176
Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар	5	-	330 866
Сатып алушылардың қысқа мерзімді дебиторлық берешектері	6	-	7 976
Бағдарлама бойынша қысқа мерзімді активтер	25	36 058	22 478
Қорлар	7	736	1 622
Ағымдағы табыс салығы	8	46 377	32 527
Басқа да қысқа мерзімді активтер	9	41 311	22 302
<b>Қысқа мерзімді активтер жиыны</b>		<b>828 565</b>	<b>581 947</b>
<b>ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР</b>			
Негізгі құралдар	10	21 965	32 158
Материалдық емес активтер	11	285	2 325
Ұзақ мерзімді аванстар		-	155 613
Бағдарлама бойынша ұзақ мерзімді активтер	25	115 466 073	119 016 144
Кейінге қалдырылған салықтық активтер -	23	4 965	3 256
Басқа да ұзақ мерзімді активтер		589	-
<b>Ұзақ мерзімді активтер жиыны</b>		<b>115 493 877</b>	<b>119 209 496</b>
<b>Активтер жиыны</b>		<b>116 322 442</b>	<b>119 791 443</b>
<b>ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
Жабдықтаушыларға қысқамерзімді кредиторлық берешек	12	915	845
Салықтар мен аударымдар бойынша міндеттемелер	13	53 797	24 195
Қызметкерлерге сыйақы	14	17 082	24 248
Басқа да бағаланған міндеттемелер	15	2 787 930	2 817 191
Бағдарлама бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер	25	120	11 989
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	16	1 290	3 192
<b>Қысқа мерзімді міндеттемелер жиыны</b>		<b>2 861 134</b>	<b>2 881 660</b>
<b>ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
Бағдарлама бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер	25	115 508 727	119 010 159
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны</b>		<b>115 508 727</b>	<b>119 010 159</b>
<b>КАПИТАЛ</b>			
Жарғылық капитал	17	120 000	120 000
Бөлінбеген пайда/(зиян)	17	(2 167 419)	(2 220 376)
<b>Капитал жиыны</b>		<b>(2 047 419)</b>	<b>(2 100 376)</b>
<b>Міндеттемелер мен капитал жиыны</b>		<b>116 322 442</b>	<b>119 791 443</b>

Компания Басшылығы атынан қол қойылды және бекітілді:



Президент  
Карбозова А.Б.



Бас бухгалтер  
Марагбаева Б.А.

9-37 беттердегі ескертулер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды.  
Тәуелсіз аудитордың аудиторлық қорытындысы 1-3 беттерде келтірілген.





31 ЖЕЛТОҚСАН 2019 ЖЫЛЫ АЯҚТАЛҒАН

ПАЙДАЛАР МЕН ЗИЯНДАР ЖӘНЕ БАСҚА ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ЕСЕП

(мың теңгемен)

	Ескер.	31 желтоқсан 2019 жыл	31 желтоқсан 2018 жыл
Түсім	18	827 490	875 966
Көрсетілген қызметтің өзіндік құны	19	(596 686)	(641 183)
<b>Жалпы пайда</b>		<b>230 804</b>	<b>234 783</b>
Өткізу бойынша шығындар	20	(61 583)	(101 732)
Әкімшілік шығындар	21	(150 037)	(175 482)
Басқа табыстар	22	1 187	28 674
Басқа шығындар	22	(14 017)	(1 438 421)
<b>Операциялық пайда/(зиян) жиыны</b>		<b>6 354</b>	<b>(1 452 178)</b>
Қаржыландыру бойынша табыстар	23	23 420	102 324
<b>Салық салғанға дейінгі пайда/(зиян)</b>		<b>29 774</b>	<b>(1 349 854)</b>
Табыс салығы бойынша шығындар	24	(6 477)	(17 992)
<b>Жылдың пайдасы/(зияны)</b>		<b>23 297</b>	<b>(1 367 846)</b>
Басқа жиынтық пайда		-	-
<b>Жалпы жиынтық пайда</b>		<b>23 297</b>	<b>(1 367 846)</b>

Компания Басшылығы атынан қол қойылды және бекітілді:

Президент  
Карбозова А.Б.



Бас бухгалтер  
Маратбаева Б.А.

Handwritten signature in blue ink.




(мың теңгемен)

Ескерт.	31 желтоқсан 2019 жыл	31 желтоқсан 2018 жыл
<b>ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ</b>		
<b>Ақша қаражаттарының кірісі, барлығы</b>	<b>17 951 336</b>	<b>16 479 931</b>
Тауар мен қызмет өткізу	964 600	876 883
Алынған аванстар	81 341	14 293 196
Алынған сыйақылар	22 851	88 944
«Болашак» бағдарламасы бойынша ақша қаражаттарының кірісі	15 925 977	-
Бағдарлама бойынша қайтарулар	945 354	880 178
Банктің дефолтымен байланысты тоқтатылған ақша кірісі	-	77 805
Басқа да кірістер	11 213	262 925
<b>Ақша қаражаттарының жұмсалуды, барлығы</b>	<b>(17 901 690)</b>	<b>(16 807 901)</b>
Жабдықтаушыларға тауар мен қызмет үшін төлемдер	(228 679)	(347 116)
Тауар және қызметпен жабдықтаушыларға берілген аванстар	(5)	(13 805 485)
«Болашак» бағдарламасы бойынша төлемдер	(15 917 371)	-
Бағдарлама бойынша бюджетке қайтарулар	(8)	(792 015)
Сақтандыру келісімдері бойынша төлемдер	(491)	-
Еңбек ақысы бойынша төлемдер	(433 160)	(454 161)
Табыс салығы және бюджетке басқа да төлемдер	(33 716)	(204 158)
Бюджетке басқа да төлемдер	(214 303)	(1 197 489)
Басқа да төлемдер	(1 073 957)	(7 477)
<b>Операциялық қызметтің ақша қаражаттарының таза сомасы</b>	<b>49 646</b>	<b>(327 970)</b>
<b>ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ</b>		
<b>Ақша қаражаттарының кірісі, барлығы</b>	<b>10 291 086</b>	<b>109 605</b>
Басқа қаржылық құралдарды сату	10 291 086	-
Алынған сыйақылар	-	109 605
Басқа да кірістер	-	-
<b>Ақша қаражаттарының жұмсалуды, барлығы</b>	<b>9 801 276</b>	<b>(16 588)</b>
Негізгі құралдарды сатып алу	(1 184)	(16 588)
Басқа қаржылық құралдарды сатып алу	(9 800 092)	-
<b>Инвестициялық қызметтің ақша қаражаттарының таза сомасы</b>	<b>489 810</b>	<b>93 017</b>
<b>ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ</b>		
<b>Ақша қаражаттарының кірісі, барлығы</b>	-	-
Басқа кірістер	-	-
<b>Ақша қаражаттарының жұмсалуды, барлығы</b>	-	-
Займдарды өтеу	-	-
Басқа шығыстар	-	-
<b>Қаржылық қызметтің ақша қаражаттарының таза сомасы</b>	-	-
Валюталарды теңгеге айырбастау курсының әсері	451	(8 239)
Ақша қаражаттары және оның балмаларының таза өзгерісі	539 907	(243 192)
<b>Бастапқыдағы ақша қаражаттары мен олардың эквиваленттері</b>	<b>4</b>	<b>407 368</b>
<b>Соңындағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары</b>	<b>4</b>	<b>164 176</b>

Компания Басшылығы атынан қол қойылды және бекітілді:

Президент  
Карбозова А.Б.

Бас бухгалтер  
Маратбаева Б.А.



**31 ЖЕЛТОҚСАН 2019 ЖЫЛЫ АЯҚТАЛҒАН  
КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП**

(мың теңгемен)

	Жарғылық капитал	Сатылып алынған өзінің меншік үлестік құралдары	Резервтік капитал	Бөлінбеген пайда	Бақыламайтын акционерлер үлесі	Капитал жиыны
1 қаңтар 2018 ж. қалдық	120 000	-	-	(852 530)	-	(732 530)
Бір жылдағы пайда (зиян)	-	-	-	(1 367 846)	-	(1 367 846)
1 қаңтар 2019 ж. қалдық	120 000	-	-	(2 220 376)	-	(2 100 376)
Қателерді түзету (түзетулер)	-	-	-	29 660	-	29 660
1 қаңтар 2019 ж. түзетілген қалдық	120 000	-	-	(2 190 716)	-	(2 070 716)
Бір жылдағы пайда (зиян)	-	-	-	23 297	-	23 297
31 желтоқсан 2019 ж. қалдық	120 000	-	-	(2 167 419)	-	(2 047 419)

Компания Басшылығы атынан қол қойылды және бекітілді:

Президент  
Карбозова А.Б.

Бас бухгалтер  
Маратбаева Б.А.



## 1. Қызмет сипаты

«Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Компания) 2005 жылғы 18 сәуірде Астана қаласының Әділет департаментінде тіркелген, 2005 жылғы 18 сәуірдегі № 18445-1901-ак мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік.

Компанияның жалғыз акционері «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ болып табылады.

Компанияға қатысты республикалық меншік құқығын «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі» ММ жүзеге асырады.

Компания заңды тұлға болып табылады және өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, басқару органының Жарғысын және ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

Компанияның заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-сұлтан қ., Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғ., 8 үй.

Компанияның нақты мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-сұлтан қ., Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғ., 55/13 үй.

*Компания қызметінің негізгі түрлері:*

- шетелде кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттырудың халықаралық бағдарламалары, оның ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асыру;
- өздерінің және бірлескен білім беру бағдарламалары мен жобаларын әзірлеу, енгізу, қолдау және үйлестіру бойынша іс-шараларды жүзеге асыру;
- ғылыми және кәсіби тағылымдамаларды ұйымдастыру және басқару;
- халықаралық білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін нормативтік құжаттарды әзірлеуге қатысу;
- түрлі симпозиумдар, конференциялар, семинарлар, форумдар, көрмелер, конгрестер өткізу арқылы білім беруді дамытуға жәрдемдесу;
- білім және ғылым саласындағы ақпараттық, аналитикалық және ғылыми-әдістемелік материалдарды басып шығару, оларды тарату;
- осы Жарғыда қарастырылған қоғамның мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін заңнамалық актілермен тыйым салынбаған қызметтің өзге де түрлерін жүзеге асыру.


Мемлекеттік лицензиялауға жататын қызметті Компания сәйкес лицензиясы болған кезде жүзеге асырады.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы Компания қызметкерлерінің орташа тізімдік саны сәйкесінше 93 және 120 адамды құрады.

Компанияның қаржылық есептілігі 2020 жылдың 10 сәуірінде шығарылды және басшылық қол қойды.

## 2. Қаржылық есептілікті ұсыну негізі

**Қаржылық есептілікті ұсыну негіздері.** Компанияның қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дайындалған, бұған дейін қабылданған барлық стандарттар мен ХҚЕСК (ТКХҚЕС) интерпретациясын қоса және оларға толық сәйкес келеді. ХҚЕС-ке сәйкес қаржылық есептілікті дайындау белгілі бір сыни есепке алу бағаларын қолдануды талап етеді, сондай-ақ басшылықтан есеп саясатын қолдану барысында жорамалдар бойынша пайымдауларды қолдануды талап етеді. Күрделіліктің немесе жорамалдарды қолданудың жоғары деңгейін қамтитын қолдану салалары, сондай-ақ бағалаулар мен жорамалдарды қолдану қаржылық есептілік үшін елеулі болып табылатын салалар төменде 2-Ескертпеде ашылған.





**Функционалдық валюта және есептілікті ұсыну валютасы.**

а) *Функционалдық валюта және қаржылық есептілікті ұсыну валютасы.* Компанияның функционалдық валютасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы болып табылатын қазақстандық теңге (бұдан әрі - «теңге») болып табылады, ол Компания қызметіне әсер ететін операциялардың және олармен байланысты жағдайлардың көпшілігінің экономикалық мәнін ең жақсы бейнелейді. Қазақстандық теңге осы қаржылық есептілік деректерін таныстыру валютасы болып табылады. Қаржылық есептіліктің барлық деректері тұтас мың теңгеге дейінгі дәлдікпен дөңгеленеді. Қаржылық есептілікте өткен кезеңдегі салыстырмалы ақпарат берілген.

б) *Шетел валютасындағы операциялар мен оқиғалар.* Шетел валютасындағы операциялар мен оқиғалар валюта айырбастаудың нарықтық бағамын қолдана отырып, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында есептеледі. Ақша баптары бойынша есептеу кезінде немесе есепті кезең ішінде ақша баптарын бастапқы тану кезінде есептелген бағамдардан ерекшеленетін бағамдар бойынша қайта есептеу кезінде пайда болатын бағамдық айырмалар, пайда болған кезеңде пайда немесе залал деп танылуға жатады.

Келесі кестеде көрсетілген уақыттарда теңгеге ауыстыру курсы берілген:

	31 желтоқсан 2019 жыл	31 желтоқсан 2018 жыл
АҚШ доллары	381,18	384,2
Евро	426,85	439,37
Ресей рублі	6,17	5,52
Қытай юані	54,56	55,88

**Қызметті жүргізу шарттары.** Қазақстан Республикасы нарықтық экономиканың шарттары талап ететіндей экономикалық реформаларды жүзеге асыруды және өзінің заңнамалық, салық және нормативтік базасын әзірлеуді жалғастыруда. Қазақстан экономикасының болашақ тұрақтылығы көбінесе Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдаған экономикалық қаржылық және монетарлық шаралардың тиімділігіне және реформаларға байланысты. Қазақстан экономикасы іскерлік белсенділіктің құлдырауына және әлемдегі экономикалық даму қарқынының төмендеуіне сезімтал. COVID 19 коронавирусы пандемиясынан туындаған әлемдік дағдарыстың әсері капитал нарығының тұрақсыздығына және банк секторындағы өтімділіктің елеулі нашарлауына әкелуі мүмкін.

Қазақстан Үкіметі Қазақстан экономикасын қолдауға бағытталған бірқатар тұрақтандыру шараларын енгізгеніне қарамастан, Компания мен оның контрагенттері үшін капитал мен капитал құнына қол жеткізуге қатысты белгісіздік бар, бұл Компанияның қаржылық жағдайына және оның қызметінің нәтижелеріне әсер етуі мүмкін.

Басшылық компания қызметінің тұрақтылығын қолдау үшін тиісті шаралар қолданатынына сенімді болса да, жоғарыда сипатталған салаларда күтпеген одан әрі нашарлаулар, қазіргі уақытта анықтауға келмейтін тәсілмен Компанияның қаржылық нәтижелері мен қаржылық жағдайына теріс әсер етуі мүмкін.

**Қызметтің үздіксіздік қағидасы.** Қаржылық есеп, Компания қызметтің үздіксіздік қағидасын сақтайды, және Компанияның көз жетерлік болашақта өз қызметін тоқтату, немесе тарату, немесе елеулі қысқарту ниеті немесе қажеттілігі жоқ деген жорамалмен дайындалған.

Егер Компания өз қызметін үздіксіздік қағидасы негізінде жалғастыра алмайтын болса қажет болатын түзетулер, қоса берілген қаржылық есептілікте жоқ.

**Құнды анықтау базасы.** Бұл қаржылық есептілік есеп қағидасына сәйкес тарихи құны бойынша дайындалған, қаржылық есептің жекелеген баптары бойынша әділ құн бойынша бағалау қолданылған.

Әділ құн, бағалау уақытындағы нарық қатысушылары арасындағы ерікті мәміле аясында, бұл құнның тікелей бақылануына немесе оны басқа әдіспен есептеуге тәуелсіз активті сату кезінде алынатын немесе міндеттемені беру кезінде төленетін сома ретінде анықталады. Есептілікті жасау кезінде әділ құн бойынша



бағалау, бастапқы деректердің бақылануына және бағалау үшін олардың маңыздылығына байланысты деңгейлер бойынша жіктеледі:

- 1 деңгей – Компания бағалау мерзіміне бақылай алатын, белсенді нарықтағы осындай активтер мен міндеттемелер бағаларының белгіленімі (түзетусіз);
- 2 деңгей – 1 деңгейге сәйкес емес бастапқы деректер, бірақ актив немесе міндеттеме үшін тікелей немесе жанама бақыланатын;
- 3 деңгей – актив немесе міндеттеме бойынша бақыланбайтын бастапқы деректер.

**Кәсіби пікірлер, бағалаулар мен болжамдарды қолдану.** ХҚЕС-ке сәйкес қаржылық есептілікті дайындау Компания басшылығынан кәсіби пайымдауларды, жорамалдар мен есептік бағаларды пайдалануды талап етеді. Осы жорамалдар мен бағалар есептілікте келтірілген активтер мен міндеттемелер сомасына, сондай-ақ қаржылық есептілікті жасау күніне шартты активтер мен міндеттемелер бойынша ашуға және есепті кезең ішінде есепте ұсынылған пайда мен шығындар сомасына әсер етеді. Нақты нәтижелер осы бағалардан өзгеше болуы мүмкін.

Бағалар және оларға байланысты болжамдар тұрақты түрде қайта қарастырылып отырады. Бағадағы өзгерістер баға қайта қарастырылған кезеңде көрсетіледі, егер өзгерістер тек осы кезеңге әсер етсе, немесе болашақ кезеңдерде егер өзгерістер ағымдағы, сол сияқты болашақ кезеңге де әсер ететін болса.

Оқиғаның болашақ дамуына қатысты негізгі болжамдар және кезең соңына бағалаудағы келесі қаржылық жылда активтер мен міндеттемелер сомасын елеулі түзетулер тәуекелділігіне байланысты белгісіздіктердің негізгі көзі:

#### **«Болашақ» халықаралық бағдарламасы бойынша активтерді жіктеу**

Сот шешімі (әлемдік келісім) бойынша стипендиядан айырылған немесе стипендиядан бас тартқан тұлғалардың 31 желтоқсан 2019 жылғы және 31 желтоқсан 2018 жылғы 5 014 171 мың теңге және 5 646 266 мың теңге дебиторлық берешегін, Компания бұрынғы тәжірибесіне сүйеніп, бұл дебиторлық берешектер қысқа мерзімді қайтарылмайтын болғандықтан сәйкесінше оларды ұзақ мерзімді активтер құрамында жіктейді.

#### **Қысқа мерзімді бағаланатын міндеттемелер**


Компания 37 «Резервтер, шартты міндеттемелер және шартты активтер» ХҚЕС (IAS) сәйкес орындау мерзімдерінің белгісіздігіне байланысты резервтер құрамында ұрлық бойынша кінәлі тұлғалардан қайтарылатын сомалар бойынша, сондай-ақ 2019 жылғы 31 желтоқсан мен 2018 жылғы 31 желтоқсан аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікте дефолтты банктерде қалған ақша қаражатының қалдықтарын қайтару бойынша бюджет алдында туындаған міндеттемелерді таныды. (*Ескертпе 15*).

#### **Негізгі құралдардың пайдалы қызмет мерзімі**

Компания негізгі құралдардың пайдалы қызметінің қалған мерзімін, кем дегенде, әрбір қаржы жылының соңына бағалайды және егер күтілетін нәтиже алдыңғы бағалардан өзгеше болса, өзгерістер 8 ХҚЕС «Есеп саясаты, есептік бағалаудағы өзгерістер және қателер» сәйкес есептік бағалаудағы өзгерістер ретінде есептеледі. Бұл бағалар негізгі құралдардың баланстық құнының және пайда мен шығындар туралы есепте танылған тозудың сомасына елеулі әсер етуі мүмкін.

#### **Кейінге қалдырылған салықтар**

Компания ҚР Салық заңнамасына сәйкес есепті кезең өткеннен кейін ғана корпоративтік табыс салығын есептеу және төлеу міндетін айқындайды. Кейінге қалдырылған салық қаржылық есептілік мақсаттары үшін активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасындағы есепті күнге уақытша айырмаларды анықтау жолымен баланстық әдіс бойынша есептеледі. Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерінің баланстық құны әрбір есепті күнге қайта қаралады. 12 ҚЕХС (IAS) «Пайдаға салынатын салықтар» талаптарына сәйкес компания 31 желтоқсан 2019 жылы және 31 желтоқсан 2018 жылы аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікте тиісінше 4 965 мың теңге және 3 256 мың теңге мөлшерінде кейінге қалдырылған салық активін таныды.





### Қаржылық активтердің құнсыздануы

9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржылық құралдар» сәйкес, егер қаржылық құрал бойынша кредиттік тәуекел бастапқы тану сәтінен бастап едәуір ұлғайған болса, әрбір есепті күнге Компания қаржы активінің барлық пайдалы мерзімі ішінде күтілетін кредиттік залалдарға, осы қаржылық құрал бойынша күтілетін кредиттік залалдарға тең сомда арналған, бағалау резервін тануы тиіс. Осы бағалау топтық негізде жүргізіледі және барлық негізделген және расталған, оның ішінде болжамды ақпаратты назарға ала отырып жасалуы тиіс. Саудалық және басқа да дебиторлық берешекке қатысты Компания стандартта көзделген жеңілдетілген тәсілді қолданды және барлық мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындарды есептеді. 31 желтоқсан 2019 жылы дебиторлық берешектің құнсыздануы бойынша қаржылық есептілікте 2 796 863 мың теңге резерв мойындалған (Ескертпе 6, 9.25).

**Қаржылық есептіліктен элементтерін мойындау.** Қоса беріліп отырған қаржылық есептілікке қаржылық есептілік элементтерінің анықтамасына және оларды мойындау шарттарына жауап беретін барлық операциялар мен оқиғалар енгізілген:

- Компания объектіге байланысты кез келген экономикалық пайда алынады (немесе жойылады) дегенге маңызды дәрежеде сенімді;
- объектінің құны бар немесе оның бағасы сенімді бағалана алады.

Қаржылық есептіліктің барлық элементтері беріліп отырған қаржылық жағдай туралы есепте және пайдалар мен зияндар және басқа да жиынтық табыс туралы есепте баптар түрінде берілген. Қаржылық есептіліктің бірнеше элементтерін бір бапқа біріктіру олардың Компания қызметіндегі сипатын (міндетін) есепке ала отырып жасалған.

**Ұсыну реттілігі.** Қаржылық есептіліктегі баптарды ұсыну мен жіктеу ағымдағы кезеңнен келесі кезеңге сақталады. Қаржылық есептілікті ұсынуды елеулі қайта қарастыру қаржылық есептілікті ұсынуға өзгерістер енгізу қажеттілігін қарастыруы мүмкін. Компания ұсынылатын қаржылық есептілікке өзгерістерді тек сол жағдайда енгізеді, егер өзгертілген ұсыну үлгісі қаржылық есептілікті пайдаланушылар үшін сенімді және маңыздырақ болса, қайта қарастырылған құрылымы сақталады және ақпараттың салыстырмалылығына ештеңе болмайды.

### 3. Есеп саясатының негізгі қағидаттарына шолу

#### Активтер мен міндеттемелерді қысқа мерзімді/ ұзақ мерзімді деп жіктеу


Қаржылық жағдай туралы есепте Компания активтер мен міндеттемелерді қысқа мерзімді /ұзақ мерзімді ретінде жіктеу негізінде ұсынады. Актив қысқа мерзімді болады, егер:

- оны әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде өткізу немесе сату немесе тұтыну ұйғарылады;
- ол негізінен сауда мақсаттары үшін ұсталады;
- оны есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі ай ішінде сату болжанып отыр;  
немесе
- ол ақшалай қаражат немесе олардың баламасы ретінде болады, тек оны есепті кезең аяқталғаннан кейінгі он екі ай ішінде міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға немесе айырбастауға шектеу бар жағдайдан басқа.

Басқа барлық активтер ұзақ мерзімді ретінде жіктеледі.

Міндеттеме қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- оны әдеттегі операциялық цикл шеңберінде реттеу болжанады;
- ол көбінесе сауда мақсаттары үшін ұсталады;
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі ай ішінде реттеуге жатады;  
немесе
- ұйымда міндеттеменің реттелуін есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі айға кейінге қалдыруға сөзсіз құқығы жоқ.





Контрагенттің қалауы бойынша, оған сәйкес үлестік құралдарды шығару және беру жолымен реттелуі мүмкін, міндеттеме талаптары осы міндеттеменің жіктемесіне әсер етпейді.

Компания барлық өзге міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

**Қаржылық құралдар-бастапқы тану және кейінгі бағалау.** Бір ұйымда қаржылық активтің және басқа ұйымда қаржылық міндеттеменің немесе үлестік құралдың туындауына әкелетін кез келген шарт – қаржылық құрал болып табылады.

#### **а) Қаржылық активтер**

##### **Бастапқы тану және бағалау**

Қаржылық активтер бастапқы тану кезінде амортизацияланған құны бойынша, басқа да жиынтық табыс (БЖТ) арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатындар ретінде жіктеледі.

Бастапқы тану кезінде қаржылық активтерді жіктеу, қаржылық активтер бойынша ақша ағындарының шартында көзделген сипаттамаларға және осы активтерді басқару үшін Компания қолданатын бизнес-модельге байланысты болады. Қаржыландырудың елеулі құрамасы жоқ немесе оған қатысты Компания практикалық сипаттағы онайлатуды қолданған саудалық дебиторлық берешекті қоспағанда, Компания бастапқыда қаржылық активтерді, пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша бағаланбайтын қаржылық активтер жағдайында, мәміле бойынша шығындар сомасына ұлғайтылған әділ құны бойынша бағалайды. Құрамында қаржыландырудың елеулі компоненті жоқ немесе оған қатысты Компания практикалық сипаттағы жеңілдету қолданған саудалық дебиторлық берешек «Сатып алушылармен келісім бойынша түсім» бөлімінде сипатталғандай, мәміле бағасы бойынша бағаланады.

Қаржылық активті амортизацияланған құны бойынша немесе өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша жіктеуге және бағалау үшін, осы активтің шарттық талаптары борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне «тек борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебіне төлемдер» болып табылатын ақша ағындарын алуға себепші болуы қажет. Мұндай баға «ақша ағындары» тесті (SPI-тест) деп аталады және әрбір құрал деңгейінде жүзеге асырылады. Ақша ағындары «ақша ағындары» критерийіне жауап бермейтін қаржылық активтер, бизнес-модельге қарамастан, пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатындар ретінде жіктеледі.

Компания қаржы активтерін басқару үшін пайдаланатын бизнес-модель ақша ағындарын қалыптастыру мақсатында Компания өзінің қаржылық активтерін басқаратын әдісті сипаттайды. Бизнес-модель ақша ағындары шартта көзделген ақша ағындарын алу, қаржылық активтерді сату немесе екеуінің де салдарынан болатынын айқындайды. Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын деп жіктелген қаржылық активтер, мақсаты қаржылық активтерді шартта көзделген ақша ағындарын алу болатын бизнес-модель шеңберінде ұсталады, ал әділ құны бойынша басқа жиынтық табыс арқылы бағаланатын қаржылық активтер, мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу жолымен де, қаржылық активтерді сату жолымен де қол жеткізілетін бизнес-модель шеңберінде ұсталады.

Заңнамада белгіленген мерзімде немесе белгілі бір нарықта қабылданған ережелерге сәйкес активтерді жеткізуді талап ететін қаржылық активтерін сатып алудың немесе сатудың барлық операциялары мәміле жасалған күні, яғни Компания өзіне активті сатып алу немесе сату міндеттемесін қабылдаған күні танылады.

##### **Кейінгі бағалау**

Кейінгі бағалау мақсаттары үшін қаржылық активтер төрт санатқа жіктеледі:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер (борыштық құралдар);
- басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер, кейіннен жинақталған пайда мен шығындарды қайта жіктей отырып (борыштық құралдар);



- ұйымның қалауы бойынша қаржылық активтерді тануды тоқтату кезінде жинақталған пайдалар мен шығындары қайта жіктелмейтін, басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланады деп жіктелген қаржылық активтер (үлестік құралдар)
- пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер.

#### *Амортизацияланатын құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер*

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер кейіннен тиімді пайыздық ставка әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе шығындар активті тану, оның модификациясы немесе құнсыздануы тоқтатылған жағдайда пайда немесе шығын құрамында танылады.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер санатына Компания саудалық дебиторлық берешекті жатқызады.

#### *Пайдалар мен зияндар арқылы әділ құнымен бағаланатын қаржылық активтер*

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер әділ құны бойынша қаржылық жағдай туралы есепте есептеледі, ал олардың әділ құнының таза өзгерістері пайда немесе зиян туралы есепте танылады.

Осы санатқа Компания өз қалауы бойынша, күшін жою құқығынсыз, басқа да жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланады деп жіктемеген, туынды құралдар мен бағаланатын үлестік құралдарға салынған инвестициялар жатады. Бағаланатын үлестік құралдар бойынша дивидендтер дивидендтерді алу құқығы белгіленген кезде пайда немесе зияндар туралы есепте басқа да табыс ретінде танылады.

#### *Мойындауды тоқтату*

Қаржылық актив (немесе – қолданылатын жерде - қаржылық активтің бір бөлігі немесе ұқсас қаржылық активтер тобының бір бөлігі) танылуын тоқтатады (яғни қаржылық жағдай туралы есептен шығарылады), егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқықтарының мерзімі аяқталды;  
не
- Компания активтен ақша ағындарын алуға өз құқықтарын берді немесе «транзиттік» келісім бойынша толық көлемде және елеулі кідіріссіз алынатын ақша ағындарын үшінші тарапқа төлеу бойынша өзіне міндеттеме алды; және не

(а) активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы берсе, не

(Б) активтен түсетін барлық тәуекелдер мен пайданы бермеген, бірақ өзінде де сақтамаған, бірақ осы активті бақылауды берген.

Егер Компания активтен ақша ағындарын алуға өз құқықтарын берсе не транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығымен байланысты тәуекелдер мен пайданы сақтағанын және, егер сақтаған болса, қандай көлемде екенін бағалайды. Егер Компания активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы бермесе, бірақ өзінде де сақтамаса, сондай-ақ активті бақылауды да бермесе, Компания берілген активті өзінің оған қатысу дәрежесінде тануды жалғастырады. Бұл жағдайда Компания тиісті міндеттемені де мойындайды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Компания сақтаған құқықтары мен міндеттемелерін көрсететін негізде бағаланады.

Берілген актив бойынша кепілдік нысанындағы жалғасатын қатысу, келесі шамалардың ең азы бойынша бағаланады: активтің бастапқы баланстық құны немесе төленуі Компаниядан талап етілуі мүмкін максималды өтем сомасы.

#### *Құнсыздану*

Компания пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық борыштық құралдарға қатысты күтілетін кредиттік залалдар (ККЗ) үшін бағалау резервін таниды. ККЗ шартқа сәйкес тиесілі ақша ағындары мен Компания болашақта алуды күткен ақша ағындарының бастапқы тиімді пайыздық ставкасын пайдалана отырып дисконтталған сомасы арасындағы айырма негізінде есептеледі.



Саудалық және басқа да дебиторлық берешекке қатысты Компания стандартта көзделген жеңілдетілген тәсілді қолданды және барлық мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындарды есептеді. Компания қарыз алушылар үшін ерекше болжамды факторларды және жалпы экономикалық жағдайларды ескере отырып түзетілген кредиттік шығындардың пайда болуының өткен тәжірибесіне сүйене отырып, бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

Басқа борыштық қаржылық активтер, оның ішінде берілген қарыздар, жағдайында күтілетін кредиттік шығындар 12 айға есептеледі. 12 айлық күтілетін кредиттік шығындар – бұл есепті күннен кейін 12 ай ішінде болуы ықтимал қаржылық құралдар бойынша дефолттар салдарынан туындайтын барлық мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындардың бір бөлігі. Алайда, қаржылық құралдар бойынша кредиттік тәуекел айтарлықтай ұлғайған жағдайда, бастапқы тану сәтінен бастап шығынға арналған бағалау резерві барлық мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындарға тең сомада бағаланады.

#### **б) Қаржылық міндеттемелер**

##### *Бастапқы тану және бағалау*

Қаржылық міндеттемелер бастапқы тану кезінде сәйкесінше пайда немесе зиян, кредиторлық берешек немесе туынды құралдар арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Барлық қаржылық міндеттемелер бастапқыда мәміле бойынша оларға тікелей қатысты шығындарды шегере отырып (кредиттер, қарыздар және кредиторлық берешек жағдайында) әділ құны бойынша танылады.

Компанияның қаржылық міндеттемелері саудалық және басқа да кредиторлық берешекті қамтиды.

##### *Кейінгі бағалануы*

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржылық міндеттемелер мынадай екі санатқа жіктеледі:

- пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер;
- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер (кредиттер мен қарыздар).

##### *Мойындауды тоқтату*

Егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса немесе оның қолданылу мерзімі аяқталса, қаржылық міндеттемені тану тоқтатылады. Егер қолда бар қаржылық міндеттеме сол кредитордың алдындағы елеулі өзгеше шарттарда басқа міндеттемен алмастырылатын болса немесе егер қолда бар міндеттеменің талаптары едәуір өзгерген болса, мұндай ауыстыру немесе өзгерістер бастапқы міндеттемені тануды тоқтату және жаңа міндеттемені тануды бастау ретінде ескеріледі, ал олардың баланстық құнындағы айырма пайда немесе зиян туралы есепте танылады.

#### **в) Қаржы құралдарын өзара есепке алу**

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынуға, ал нетто-сома осы сәтте заңды түрде қорғалған танылған сомаларды өзара есепке алуға құқығы бар және нетто-негізде есеп айырысуды жүргізу, активтерді сату және осымен бір мезгілде міндеттемелерді өтеу ниеті бар болған кезде қаржылық жағдай туралы есепте ұсынуға жатады.

**Ақша қаражаты және оның баламалары.** Ақша қаражатына кассадағы қол ақша, ағымдағы банктік шоттардағы қаражат, өтелу мерзімі 3-айға жетпейтін депозиттік шоттардағы қаражат. Компания ақша қаражаттары қозғалысын ашуды тікелей әдісті қолданып жасайды.

**Қорлар.** Компания қорларды екі көлемнің ең төменгісімен бағалайды: нақты өзіндік құн және мүмкін болатын өткізудің таза бағасы. Нақты өзіндік құнға сатып алу бағасы, импорттық баж, акциз, көліктік және басқа да материалдар мен қызметті алуға тікелей апарылатын шығындар кіреді. Қорлардың есептен шығарылуын бағалауда орташа өлшенген құн әдісі қолданылады. Қорларды кез келген есептен шығару сомасы сол есептен шығару болған кезең барысында шығын ретінде мойындалады.



**Негізгі құралдар.** Компания жинақталған тозуды және құнсызданудан жинақталған шығынды алып тастағанда негізгі құралдардың бастапқы құны бойынша есепке алу моделін қолданады. Негізгі құралдар бастапқы мойындалуында өзіндік құны бойынша бағаланады. Негізгі құралдар кейінгі шығындары активтердің баланстық құнын өсіреді, егер Компания қолдағы бар активтің бастапқыда есептелген нормативтік көрсеткіштерінен жоғары болған болашақ экономикалық пайданы алу ықтималдылығы көп болса.

Жөндеу мен техникалық күтудің барлық басқа шығындары пайда болған сайын есепті кезеңнің пайдалары мен зияндарына апарылады.

Негізгі құралдарға келесі пайдалы қызмет мерзімі ішінде бірқалыпты тікелей әдіспен амортизацияланатын негізгі құралдардың келесі кластары жатады (жыл):

Негізгі құралдар түрі	Қызмет мерзімі (жыл)
Машина мен құралдар	3-5
Көлік құралдары	7
Офистік жиһаз	3-10
Басқа да негізгі құралдар	3-10

Әрбір диапазонның ішінде пайдалы қолдану мерзімі ұқсас активтермен жұмыс тәжірибесінің негізінде немесе дайындаушылардың (өндірушілердің) негізгі құралдарды пайдаланудың белгіленген мерзімдерін негізге ала отырып айқындалады. Амортизацияны есептеу әрбір объект бойынша жеке жүргізіледі.

Негізгі құралдар пайдалы қызметінің қалған мерзімі мен объектінің қалған құны кезең сайын қайта қаралып отырады, егер болжам өткен бағалаулардан айырмашылығы болса, өзгерістер есептелген бағадағы өзгеріс ретінде есепке алынады.

Негізгі құралдардың баланстық құны жағдайлардағы оқиғалар мен өзгерістер активтердің баланстық құны өтелмеуі мүмкін екендігін көрсеткен кезде құнсыздануы тексеріледі. Егер мұндай жағдайлар бар болса және баланстық құн есептік өтелетін құнынан асып кетсе, онда активтің құны осы өтелетін құнға дейін азайтылады.

НҚ объектісінің баланстық құнын тану міндетті түрде тоқтатылуы тиіс:

- 1) есептен шығуы бойынша; не
- 2) оны пайдаланудан немесе істен шығудан қандай да бір болашақ экономикалық пайда күтілмесе.

Негізгі құралдардың істен шығуынан пайда мен шығындар пайда мен зияндар туралы есепте өзге кірістерге (шығыстарға) енгізіледі.

**Материалдық емес активтер.** Материалдық емес активтер бастапқы мойындалуында сатып алу құны бойынша бағаланады. Бастапқы мойындалғаннан кейін материалдық емес активтер жиналған амортизация және құнсызданудан болған зияндарды шегергеннен кейінгі сатып алу құнымен бағаланады.


Активтердің пайдалы қызмет ету мерзімі шектеулі және шектеусіз болуы мүмкін. Пайдалы қызмет мерзімі шектеулі материалдық емес активтер осы қызмет ету мерзімі ішінде амортизацияланады және материалдық емес активтің құнсыздануы ықтимал болған кезде құнсыздану мәніне бағаланады.

Материалдық емес активтер пайдалы қызметтің мынадай мерзімдері ішінде бірқалыпты тікелей әдіспен амортизацияланатын мынадай түрлерін қамтиды (жылдар):.

Материалдық емес активтер түрі	Қызмет мерзімі (жыл)
Бағдарламалық қамтамасыз ету және басқа да материалдық емес активтер	3

Материалдық емес активтің пайдалы қолдану мерзімін (анықталған немесе анықталмаған) Компания мынадай факторларды ескере отырып дербес бағалайды:

- активті пайдаланудың болжамды тәсілі;
- активке тән пайдалану циклінің сипаты;
- техникалық, технологиялық немесе ескірудің басқа түрлері;





- актив пайдаланылатын саланың тұрақтылығы және активті пайдалану нәтижесінде алынатын тауарларға немесе қызметтерге нарықтық сұраныстағы өзгерістер;
- бәсекелестердің болжамды іс-әрекеттері;
- активті күту және ұстау шығындарының көлемі;
- активті бақылауды жүзеге асыру кезеңі, пайдалы қызметтің болжамды мерзімін шектеуі мүмкін заңды немесе шарттық ережелер;
- активтің пайдалы қызмет мерзімінің ұйымның басқа активтерінің пайдалы қызмет мерзімдеріне тәуелділігі.

Егер материалдық емес активтің пайдалы қызмет мерзімі шектелген болса, онда Компания оның ұзақтығын немесе осы активтің көмегімен өндіруге болатын өнімнің санын анықтайды.

Шарттық міндеттемелерден немесе өзге де заңды құқықтардан туындайтын материалдық емес активтің пайдалы қызмет мерзімі осындай құқықтардың қолданылу мерзімінен аспауы тиіс, бірақ, егер Компания активті құқықтардың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде пайдаланғысы келмесе, көрсетілген мерзімнен кем болуы мүмкін.

Егер заңды құқықтар, жаңартылуы мүмкін шектеулі мерзімге берілетін болса, онда қайта жаңарту Компания үшін елеулі шығындарға әкеп соқпайтын жағдайда материалдық емес активтің пайдалы қызмет мерзімі қайта жаңарту кезеңіне ұзартылуы мүмкін.

Материалдық емес активтің пайдалы қызмет мерзіміне экономикалықпен қатар құқықтық факторлар да әсер етеді:

- экономикалықтар Компания активті пайдаланудан болашақ экономикалық пайда алатын кезеңді анықтайды;
- құқықтық факторлар осы пайдаға қол жеткізуді бақылау кезеңін шектейді.

Қызмет мерзімі белгісіз материалдық емес активтер амортизацияланбайды, бірақ жыл сайын немесе құнсыздану көрсеткіштері болған кезде құнсыздануға тексеріледі және қажет болған кезде өтелетін құнға дейін есептен шығарылады.

Материалдық емес активтердің істен шығуынан пайда мен шығындар пайда мен зияндар туралы есепте өзге кірістерге (шығыстарға) енгізіледі.

**Жалдау.** Шарт жасасу кезінде Компания келісімнің жалдау екенін немесе онда жалға алу белгілері бар екенін бағалайды. Басқаша айтқанда, Компания келісім шарттың белгілі бір уақыт кезеңі ішінде сәйкестендірілген активтің пайдаланылуын бақылау құқығын оны өтелуге айырбастауға беретіндігін анықтайды.

#### а) Компания жалға алушы ретінде

Компания қысқа мерзімді жалға алуды және құны төмен активтерді жалдауды қоспағанда, барлық жалдау шарттарын тану мен бағалауға бірыңғай тәсілді қолданады. Компания жалдау төлемдерін жүзеге асыруға қатысты жалдау бойынша міндеттемелерді және базалық активтерді пайдалану құқығын білдіретін пайдалану құқығы нысанындағы активтерді мойындайды.

#### Пайдалану құқығы нысанындағы активтер

Компания жалдау басталған күнге (яғни базалық актив пайдалану үшін қолжетімді болатын күн) пайдалану құқығы нысанындағы активтерді таниды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан жинақталған шығындарды шегеріп, жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауға түзетіле отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтердің бастапқы құны жалға алу бойынша алынған ынталандыру төлемдерін шегере отырып, жалға алу басталған күні немесе осындай күнге дейін жүргізілген бастапқы тікелей шығындар мен жалдау төлемдері бойынша танылған міндеттемелердің шамасын қамтиды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер мынадай кезеңдердің ең қысқа мерзімінде тікелей әдіспен амортизацияланады: жалдау мерзімі немесе активтердің пайдалы қызметінің болжамды мерзімі. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер де құнсыздану белгілеріне тексеруге жатады.



### *Жалдау бойынша міндеттемелер*

Компания жалдау басында міндеттемелерді, жалдау мерзімі ішінде жүзеге асырылуға тиіс жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша мойындайды. Жалдау төлемдері алынған жалдау бойынша кез келген ынталандырушы төлемдерді шегергендегі белгіленген төлемдерді (соның ішінде, мәні бойынша тіркелген төлемдерді), индекске немесе ставкаға байланысты айнымалы жалдау төлемдерін және жойылу құнының кепілдіктері бойынша төленетін соманы қамтиды. Жалдау төлемдері сатып алу опционының орындалу бағасын, егер Компания осы опционды орындайтынына жеткілікті сенімділік болса, және жалдауды тоқтату үшін айыппұл төлеуді қамтиды, егер жалдау мерзімі Компанияның жалдауды тоқтатуға арналған опционды орындау ықтималын көрсетсе. Индекске немесе ставкаға тәуелді емес айнымалы жалдау төлемдері, осындай төлемдерді жүзеге асыруға әкеп соғатын оқиға немесе шарт туындайтын кезеңде шығыстар ретінде танылады.

Жалдау төлемдерінің келтірілген құнын есептеу үшін Компания жалдаудың басында қосымша қарыз қаражатын тарту ставкасын пайдаланады, өйткені жалдау шартында келтірілген пайыздық ставканы оңай анықтау мүмкін емес. Жалдау басталған күннен кейін жалдау бойынша міндеттемелердің шамасы пайыздардың есептелуін көрсету үшін ұлғайтылады және жүзеге асырылған жалдау төлемдерін көрсету үшін азайтылады.

### *Қысқа мерзімді жалдау және құны төмен активтерді жалға алу*

Компания қысқа мерзімді жалға алуға қатысты мойындаудан босатуды өзінің қысқа мерзімді жалдау шарттарына қолданады (яғни жалдау басталған күні жалдау мерзімі 12 айдан аспайтын және базалық активті сатып алуға опционы жоқ шарттарға). Компания сондай-ақ құны төмен активтерді жалға алуға қатысты мойындаудан босатуды құны төмен деп есептелетін жалдау шарттарына қолданады. қысқа мерзімді жалдау және құны төмен активтерді жалдау бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімі ішінде тікелей әдіспен шығыстар ретінде танылады.

**Табыс салығы.** Табыс салығы ағымдағы және кейінге қалдырылған салықты қамтиды. Табыс салығы өзге жиынтық кіріс құрамына енгізілген және меншікті капиталға жатқызылған баптарға жататын негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қайта бағалау кезіндегі кейінге қалдырылған салықты қоспағанда, пайда мен залалдарда көрсетіледі және бұл жағдайда ол өзге жиынтық кіріс құрамында танылады. Ағымдағы табыс салығы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес есептеледі және есепті кезең үшін салық салынатын пайдаға немесе шығынға қатысты мемлекеттік бюджеттен төлеу немесе өтеу болжанатын соманы білдіреді.

Кейінге қалдырылған салық баланстық әдісті пайдалана отырып есептеледі және қаржылық есептілік мақсаттары үшін активтер мен міндеттемелердің баланстық құны және салық салу мақсаттары үшін айқындалған активтер мен міндеттемелердің салық базасы арасындағы барлық елеулі уақытша айырмалардың салықтық әсерін көрсетеді. Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданысқа енгізілген салық ставкаларына негізделі отырып, актив іске асырылатын/пайдаланылатын немесе міндеттеме өтелген кезеңге қолданылатын салық ставкалары бойынша есептеледі.

Салық салынатын базасын азайтатын уақытша айырмаларға және болашақ кезеңдерге ауыстырылған салықтық зияндарға қатысты кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер, егер осындай шегерімдер сомасына азайтылған болашақта салық салынатын пайда алуға жеткілікті ықтималдық дың азайтылуы мүмкін болған жағдайда ғана танылады. Кейінге қалдырылған табыс.

**Жұмыскерлерге сыйақы.** Жұмыскерлерге сыйақыға кіреді: жұмыскерлердің қысқа мерзімді сыйақылары, мысалы еңбек ақы, әлеуметтік қамтамасыздандыру жарнасы, жыл сайынғы төленетін демалыс және ауыруына байланысты төленетін демалыс, Қазақстан Республикасы заңдарында қарастырылған өтемақы мен кепілдіктер, басшылық шешімі бойынша төленетін бір реттік сыйақылар.

Компания жұмыскерлерге, олардың көрсеткен қызметіне төленуі тиіс, қысқа мерзімді сыйақының дисконтталмаған көлемін мойындайды.



**Резервтер.** Резерв мойындалады, егер Компанияның (заңды немесе тәжірибеден шыққан) өткен уақиға нәтижесі ретіндегі қазіргі міндеттемесі бар, оны орындау мақсатында экономикалық пайдасы бар ресурстардың жұмсалуды ықтимал және бұл міндеттеменің сомасын сенімді анықтау мүмкіндігі бар болса. Егер Компания резервтердің өтеуін алуды көздесе, онда өтем жеке актив ретінде танылады, бірақ өтем алу күмән туғызбайтын жағдайда ғана. Резервке қатысты шығын өтемді шегере отырып, пайда мен зияндар туралы есепте көрсетіледі.

Егер ақшаның уақытша құнының әсері елеулі болып табылса, резервтер ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарығын, сондай-ақ мүмкіндігіне қарай міндеттемеге жататын тәуекелдерді көрсететін салықтарды төлегенге дейінгі ставка бойынша, болашақ ақша ағындарын дисконттау жолымен айқындалады. Дисконттауды пайдаланған кезде уақыт өткеннен кейін резервтегі ұлғаю қаржылық шығындар ретінде танылады.

**Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім.** Компанияның қызметі ҚР Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша шетелде кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттырудың халықаралық бағдарламалары бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асырумен, сондай-ақ түрлі конференциялар, семинарлар, форумдар, көрмелер өткізумен байланысты. Қызметтерді көрсету сатып алушылармен жеке сәйкестендірілетін шарттар арқылы жүзеге асырылады. Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді бақылау сатып алушыға берілгенде танылады және Компания осындай тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге айырбасқа күтетін өтелу сомасында бағаланады. Компания мұндай шарттар бойынша пайда алуды көздейтін, өзі жасаған шарттарда принципал ретінде әрекет етеді деген қорытындыға келді, себебі Компания әдетте тауарларды немесе қызметтерді сатып алушыға бергенге дейін бақылайды.

Компания сатып алушылармен жасайтын шарттар, әдетте, орындауға бір міндетті қамтиды. Компания осындай қызмет көрсетуден түскен түсім кезең ішінде танылуға тиіс деген қорытындыға келді, өйткені сатып алушы Компанияның көрсететін қызметін көрсетуіне қарай бір мезгілде пайданы алады және тұтынады. Төлем әдетте қызмет көрсетілген сәттен бастап 30 күн ішінде жүргізіледі.

Компания ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан «Болашақ» халықаралық бағдарламасы бойынша стипендиаттарды қаржыландыруға жасалған шарттар бойынша ол агент ретінде әрекет етеді деген қорытындыға келді, өйткені ол орындауға алған міндет ҚР Білім және ғылым министрлігінің стипендиаттарды қаржыландыруын ұйымдастыру болып табылады. Тиісінше, осындай шарттар бойынша компания түсімді мойындамайды.

*(а) Сатып алушылардан алынған аванстық төлемдер*

Әдетте, Компания сатып алушылардан негізінен қысқа мерзімді аванстық төлемдерді алады. ХҚЕС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» қабылдау кезінде қысқа мерзімді аванстық төлемдерге қатысты Компания практикалық сипаттағы жеңілдетуді пайдаланды. Шарт жасасу кезінде Компания уәде етілген тауарды немесе қызметті сатып алушыға беру және сатып алушының осындай тауардың немесе қызметтің ақысын төлеу арасындағы кезең бір жылдан аспайды деп күтсе, Компания шарттардағы қаржыландырудың елеулі компонентінің әсерін ескере отырып, осы жеңілдікке сәйкес уәде етілген өтеу сомасын түзетпейді.

*(б) Саудалық дебиторлық берешек*

Дебиторлық берешек Компанияның сөзсіз болып табылатын (яғни мұндай өтемнің төленуі сәтінің болуы тек уақыт ағымына ғана байланысты) өтем алуға деген құқығы. Қаржылық активтерге қатысты есеп саясаты ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржылық құралдар» бөлімінде қаралады.

*(в) Келісім-шарт бойынша міндеттемелер*

Келісім-шарт бойынша міндеттемелер – бұл сатып алушыға қызмет (тауарлар) беру міндеті, ол үшін Компания сатып алушыдан өтемақы алады (немесе алды). Егер сатып алушы Компания қызметті сатып алушыға берерден бұрын төлемді жүзеге асырса, төлем жасаған сәтте немесе төлем жасалуы тиіс сәтте келісім шарт бойынша міндеттеме мойындалады (қайсысы бұрын болғанына байланысты). Компания шарт бойынша өз міндеттерін орындағанда шарт бойынша міндеттемелер түсім ретінде танылады.



**(2) Ұсыну мен ақпаратты ашуға қойылатын талаптар**

ҚЕХС (IFRS) 15 талаптарына сәйкес сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша танылған түсім туралы ақпаратты Компания қаржылық факторлардың пайда мен ақша ағындарының сипатына, көлеміне, мерзімдеріне және белгісіздігіне қалай әсер ететінін көрсететін санаттар бойынша нақтылады. Түсім туралы егжей-тегжейлі ақпаратты ашу 18-ескертпеде қарастырылған.

**«Болашақ» халықаралық бағдарламасын іске асыру шеңберінде активтер мен міндеттемелерді есепке алу.** Компания шетелде кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттырудың халықаралық бағдарламалары, оның ішінде «Болашақ» халықаралық стипендиясы (бұдан әрі- «Болашақ») бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асыру жөніндегі әкімгер болып табылады. Республикалық бюджеттен алынған қаржыландыру қаржылық жағдай туралы есепте шығыстар жоспарына сәйкес бөлінетін ұзақ мерзімді (қысқа мерзімді) міндеттемелер құрамында көрсетіледі және бір мезгілде әрбір стипендиат бойынша ұзақ мерзімді (қысқа мерзімді) активтер құрамында есептеледі. Студенттердің өз міндеттемелерін орындауына қарай, оқу аяқталғаннан кейін Компания студенттің дебиторлық берешегін есептен шығарады және бюджет алдындағы өз міндеттемелерін өтейді.

**Басқа да табыстар мен шығындарды мойындау.** Өзге кірістерге активтердің істен шығуынан түскен кірістер, бағамдық айырмадан түскен кірістер, өзге де кірістер (айыппұлдар, өсімпұлдар, қаржылық активтер бойынша құнсызданудан болған залалды қалпына келтіруден түскен кірістер) жатады.

Шығындар пайда болу мерзімінен бастап мойындалады және өздері қатысты кезеңнің қаржылық есептілігінде есептеу қағидасы негізінде мойындалады. Шығындар табыс алу үшін жұмсалатын шығындарды (өзіндік құнға енгізілетін шығындар), жалпы және әкімшілік шығындар, өткізу бойынша шығындар және Қоғамның әдеттегі қызметі барысында пайда болатын шығындарды қамтиды.

**Жарғылық капитал.** Кәсіпорындарды біріктіру жағдайларын қоспағанда, жаңа акцияларды шығарумен тікелей байланысты үшінші тараптар қызметтерін төлеуге арналған шығындар, осы эмиссия нәтижесінде алынған соманың азаюы ретінде меншікті капитал құрамында көрсетіледі. Алынған қаражаттың әділ құнының шығарылған акциялардың номиналдық құнынан асып кету сомасы эмиссиялық кіріс ретінде көрсетіледі.

**Дивидендтер.** Дивидендтер есепті күнге дейін жарияланған жағдайда ғана, міндеттемелер ретінде танылады және есепті күнге капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ қаржылық есептілік шығаруға бекітілген күнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, есептілікте ашылады.

**Байланысты тараптар.** Компания үшін байланысты тараптар болып «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі» ММ тұлғасындағы Жалғыз акционер, негізгі басқарушы персонал және басқа да байланысты тараптар саналады. Байланысты тараптар арасындағы өзара қарым-қатынастар олардың арасында операциялардың жүзеге асырылғанына қарамастан, міндетті түрде ашылуы тиіс.

Қаржылық есептілікті пайдаланушылар байланысты тараптар арасындағы өзара қарым-қатынастардың Компанияға әсері туралы пікір қалыптастыруы үшін, осы байланысты тараптар арасындағы операциялардың жүзеге асырылғанына қарамастан, бақылау болған жағдайларда байланысты тараптар арасындағы өзара қарым-қатынастар туралы ақпаратты ашылуы керек.

**Есепті күннен кейінгі оқиғалар.** Есепті күннен кейінгі оқиғалар - есепті күн мен қаржылық есептілікті шығаруға бекіту күні арасындағы кезеңде болатын қолайлы да, қолайсыз да оқиғалар болып табылады. Есепті жыл аяқталғаннан кейін болған және түзететін оқиғалар болып табылмайтын оқиғалар, егер олар елеулі болып табылса, қаржылық есептілікке ескертпелерде ашылады.

**Есеп саясатындағы және ақпаратты ашу қағидаларындағы өзгерістер.**

Есеп саясаты тек мына жағдайларда ғана өзгертілуі мүмкін, егер өзгеріс:

– ХҚЕС стандарттарымен талап етілсе;

– Компания қызметінің нәтижелері немесе ақша қаражатының қозғалысы туралы неғұрлым сенімді және орынды ақпаратты ұсынуға әкелетін болса.



### **Есептік бағалаудағы өзгерістер**

Есептік бағалаудағы өзгеріс тек ағымдағы кезеңге немесе ағымдағы және болашақ кезеңдерге әсер етуі мүмкін.

Есептік бағалаудағы өзгерістердің нәтижелері, жиынтық табыс туралы есептің бұрын осы көрсетілген есептеулер есепке алынған жіктемелік баптарына енгізілуі тиіс.

Ағымдағы кезеңде немесе одан кейінгі кезеңдерде елеулі әсер ететін есептік бағалаудағы өзгерістердің сипаты мен көлемі ашылуы тиіс. Егер сандық бағалауды жүзеге асыру мүмкін болмаса, бұл факт ашылуға тиіс.

### **Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттарға түзетулер мен түсіндірулер**

2019 жылы кейбір Стандарттар, стандарттарға басқа да түзетулер және Компанияның қаржылық есептілігіне әсер етпеген түсіндірулер енгізілді. Компания шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттарды, түсіндірулерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданбаған.

#### **ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау»**

ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау» ХҚЕС (IAS) 17 «Жалдау», ХҚЕТК (IFRIC) 4 «Келісімде жалға алу белгілерінің болуын анықтау», ТТК (SIC) 15 «Операциялық жалға алу – ынталандыру» және ТТК (SIC) 27 «Жалдау нысанындағы операциялардың заңды мәнін анықтау» ауыстырады. Стандарт жалдау туралы ақпаратты тану, бағалау, ұсыну және ашу принциптерін белгілейді және жалға алушылардың баланста жалдау шарттарының көпшілігін көрсетуді талап етеді.

Жалға берушілерде ХҚЕС (IFRS) 16 сәйкес есеп тәртібі ХҚЕС (IAS) 17-мен салыстырғанда өзгермейді деуге болады. Жалға берушілер жалдаудың екі түрін айқындап: операциялық және қаржылық деп ХҚЕС (IAS) 17 қағидаларына сәйкес жалдауды жіктеуді жалғастырады. Компания ХҚЕС (IFRS) 16 алғаш рет 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданды.

Стандартқа көшкен кезде Компания шарттың, жалпы немесе оның жекелеген құрамаларының, 2019 жылдың 1 қаңтарынан жалға беру шарты болатынына қайта талдау жүргізбеуге мүмкіндік беретін практикалық сипаттағы жеңілдетуді пайдалануды шешті. Компания сондай-ақ жалдау басында жалдау мерзімі 12 айдан аспайтын және сатып алуға (қысқа мерзімді жалға алу) опционы болмайтын жалдау шарттары үшін, сондай-ақ базалық активтің құны төмен (құны төмен активтерді жалдау) жалдау шарттары үшін мойындаудан босатуды пайдалануды шешті. Жалға алу шарттарына жүргізілген талдау нәтижесінде Компания жалға алушы ретінде әрекет ететін қолда бар жалдау келісімдерінің мерзімі 12 айдан аспайтынын анықтады. Сәйкесінше 16 ХҚЕС (IFRS) көшу Компанияның жалдау шарттарын есепке алуға және 2019 жылғы қаржылық есептілікті ұсынуға ықпал еткен жоқ.

#### **ХҚЕТК (IFRIC) 23 «Пайдаға салынған салық есебіне қатысты белгісіздік» түсіндірмелері**

Түсіндіру 12 «Пайдаға салынатын салықтар» ХҚЕС (IAS) қолдануына әсер ететін салықтық түсіндірмелерге қатысты белгісіздіктің болуы жағдайында пайдаға салынатын салықтарды есепке алу тәртібін қарастырады. Түсіндіру 12 ХҚЕС (IAS) қолдану аясына жатпайтын салықтарға немесе алымдарға, сондай-ақ анықталмаған салықтық түсіндірмелерге байланысты пайыздар мен айыппұлдарға қатысты талаптарды қамтымайды. Атап айтқанда, түсіндіру деп келесі сұрақтарды түсіндіреді:

- ұйым анықталмаған салықтық түсіндірмелерді жеке қарайды ма;
- ұйым салық органдарының салық түсіндірмелерін тексеруге қатысты жасайтын жорамалдар;
- ұйым салық салынатын пайданы (салық шығынын), салық базасын, пайдаланылмаған салық шығындарын, пайдаланылмаған салық жеңілдіктерін және салық ставкаларын қалай анықтайды;
- ұйым фактілер мен жағдайлардың өзгеруін қалай қарастырады.

Компания әрбір белгісіз салық түсіндірілмелерін жеке немесе бір немесе бірнеше басқа да белгісіз салық түсіндірмелерімен бірге қарастыру керекпе екендігін анықтайды және белгісіздікті шешу нәтижесін үлкен дәлдікпен болжауға мүмкіндік беретін тәсілді қолданады.





Компания пайдаға салынатын салықты есептеу ережелеріне қатысты белгісіздікті анықтаған кезде маңызды пайымдауды қолданады.

Түсіндіруді қолдану кезінде Компания қандай да бір анықталмаған салық түсіндірілмелері бар екендігін талдайды. Компанияның салық декларациялары шегерімдерді камтиды және салық органдары осы салық түсіндірмелерімен келіспеуі мүмкін. Компания салық заңнамасының талаптарын орындағанын және оның қолданыстағы тәжірибені талдауын ескере отырып, Компания салық органдарының өзі қолданатын салық түсіндірмелерін қабылдауы ықтимал деген қорытындыға келді. Бұл түсіндірме қаржылық есептілікке әсер еткен жоқ.

#### ***ХҚЕС (IFRS) 9 – «Теріс өтелу ықтималдылығымен мерзімінен бұрын өтеу туралы шарттар»***

9 ХҚЕС (IFRS) сәйкес борыштық құрал амортизацияланған құны бойынша немесе өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағалануы мүмкін, егер шартта қарастырылған ақша ағындары «борыштың негізгі сомасының әлі өтелмеген бөлігіне пайыздар мен борыштың негізгі сомасының есебіне жасалатын төлемдер» («ақша ағындарының» критерийі) болса және құрал осындай жіктеуге мүмкіндік беретін сәйкес бизнес-модель шеңберінде ұсталса.

9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер, кейбір оқиға немесе жағдайлар шарттың мерзімінен бұрын бұзылуына әкеп соғатынына, сондай-ақ шартты мерзімінен бұрын бұзғаны үшін қандай тараптың негізделген өтем төлегеніне немесе алғанына қарамастан, қаржылық актив «ақша ағындарының» критерийін қанағаттандырады. Осы түзетулердің қаржылық есептілікке әсер еткен жоқ.

#### ***28 (IAS) ХҚЕС – ке түзетулер - «Қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға ұзақ мерзімді салымдар»***

Түзетулер ұйымның үлестік қатысу әдісі қолданылмайтын, бірақ шын мәнінде қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға салынған таза инвестициялардың бір бөлігін (ұзақ мерзімді салымдар) құрайтын қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға ұзақ мерзімді салымдарға 9 ХҚЕС (IFRS) қолдануы тиіс екендігін түсіндіреді. Бұл түсіндірме маңызды болып табылады, өйткені ол осындай ұзақ мерзімді салымдарға 9 ХҚЕС (IFRS) күтілетін кредиттік шығындар моделі қолданылатынын білдіреді.

Түзетулерде, сондай-ақ 9 ХҚЕС (IFRS) қолданған кезде, ұйым қауымдасқан ұйым немесе бірлескен кәсіпорын шеккен зияндарды, не 28 ХҚЕС (IAS) «қауымдасқан ұйымдарға және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» қолдану салдарынан туындайтын қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға салынған таза инвестицияларды түзету ретінде танылған таза инвестициялардың құнсыздануынан болған зияндарды назарға алмайтыны түсіндіріледі. Күшіне ену күні 2019 жылғы 1 қаңтар. Есепті күнге Компанияның қауымдасқан ұйымдарға немесе бірлескен кәсіпорындарға ұзақ мерзімді салымдары жоқ. Осы түзету қаржылық есептілікке әсер еткен жоқ.


#### ***Жаңа және қайта қарастырылған Қаржылық есептің халықаралық стандарттарын және түсіндірулерін қолдану***

Төменде шығарылған, бірақ есепті күнге әлі күшіне енген жаңа стандарттар, түзетулер мен түсініктемелер келтіріледі. Компания осы стандарттарды, түзетулерді және түсіндірулерді, егер қолданылатын болса, олар күшіне енген күннен бастап қолдануға ниетті.

#### ***ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру келісім шарттары»***

2017 жылдың мамыр айында ХҚЕС бойынша Кеңес 17 «Сақтандыру келісім-шарттары», ақпаратты тану және бағалау, ұсыну және ашу мәселелерін қарастыратын сақтандыру шарттары үшін қаржылық есептіліктің жаңа кешенді стандартын шығарды. 17 ХҚЕС (IFRS) күшіне енген кезде, ол 2005 жылы шығарылған 4 «Сақтандыру келісім- шарттары» ХҚЕС (IFRS) ауыстырады.

ХҚЕС (IFRS) 17 сақтандыру шарттарының барлық түріне (яғни өмірді сақтандыру және өмірді сақтандырудан өзгеше сақтандыру, тікелей сақтандыру және қайта сақтандыру), оларды шығарған ұйым түріне қарамастан, сол сияқты дискрециялық қатысу шартымен белгілі бір кепілдіктер мен қаржылық құралдарға қолданылады. Қолдану саласынан бірнеше ерекшеліктер бар. ХҚЕС (IFRS) 17 негізгі мақсаты





сақтандырушылар үшін неғұрлым тиімді және дәйекті болып табылатын сақтандыру шарттарын есепке алу моделін ұсыну болып табылады.

Негізінен алдыңғы жергілікті есеп саясаттарына негізделген ХҚЕС (IFRS) 4 талаптарына қарағанда, ХҚЕС (IFRS) 17 есептің барлық орынды аспектілерін қамти отырып, сақтандыру шарттарын есепке алудың жан-жақты моделін ұсынады. ХҚЕС (IFRS) 17 негізінде келесідей толықтырылған жалпы модель бар:

- Тікелей қатысу талаптарымен сақтандыру шарттары үшін белгілі бір модификациялар (айнымалы сыйақы әдісі);
- Жеңілдетілген тәсіл (сыйақыны бөлу негізіндегі тәсіл) негізінен қысқа мерзімді шарттар үшін.

17 ХҚЕС (IFRS) 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді, бұл ретте салыстырмалы ақпарат ұсыну талап етіледі. Ұйым ХҚЕС (IFRS) 17 бірінші қолдану күніне немесе оған дейін ХҚЕС (IFRS) 9 және ХҚЕС (IFRS) 15 қолданған жағдайда, мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Бұл стандарт Компанияға қолдануға келмейді.

### **ХҚЕС (IFRS) 3 - «Бизнесі біріктіру»**

2018 жылдың қазан айында ХҚЕС бойынша Кеңес ХҚЕС (IFRS) 3 «Бизнесі біріктіру» түзетулер шығарды, олар «бизнес» терминінің анықтамасын өзгертті және ұйымдарға қызмет түрлері мен активтердің сатып алынған жиынтығы бизнес болып табыла ма, жоқ па, соны анықтауға көмектесуге тиіс. Аталған түзетулер бизнеске қойылатын ең аз талаптарды нақтылайды, нарыққа қатысушылар қандай да бір жетіспейтін элементті ауыстыруға қабілетті-қабілетсіздігін бағалауды жоққа шығарады, ұйымдарға алынған процесс маңызды болып табылатындығын бағалауға көмектесу үшін басшылық қосады, бизнесті және қайтарымды анықтамаларын тарылтады, сондай-ақ әділ құнның шоғырлануының болуына міндетті емес тест енгізеді. Түзетулермен бірге жаңа иллюстрациялық мысалдар ұсынылды.

Осы түзетулер оларды бастапқы қолдану күніне немесе одан кейін болатын операцияларға немесе өзге де оқиғаларға қатысты перспективті негізде қолданылатындықтан, осы түзетулер ауысу күніне Компанияға әсер етпейді.


### **ХҚЕС (IAS) 1 және ХҚЕС (IAS) 8 түзетулер - «Маңыздылығын анықтау»**

2018 жылдың қазан айында ХҚЕС Кеңесі 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну» және 8 «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер және қателер» ХҚЕС (IAS) түзетулерін шығарды. Жаңа анықтамаға сәйкес «ақпаратты көрсетпеу, бұрмалау немесе бүркемелеу» маңызды болып табылады, егер ол нақты есеп беретін ұйым туралы қаржылық ақпаратты беретін жалпы мақсаттағы қаржылық есептіліктің негізгі пайдаланушыларының осы есептілік негізінде қабылдайтын шешімдеріне әсер ететін болса. Маңыздылық анықтамасына түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпейді деп күтілуде.

Егер жоғарыда басқаша көрсетілмесе, осы жаңа стандарттар, стандарттарға түзетулер мен түсіндірулер Компанияның қаржылық есептілігіне әсер етпейді немесе елеулі әсер етпейді деп күтіледі.

## **4. Ақша қаражаттары мен оның баламалары**

	31.12.2019ж.		31.12.2018ж.	
	Шетел валютасында	Мың теңге	Шетел валютасында	Мың теңге
Ағымдағы банк шоттарындағы ақша қаражаттары (KZT)	-	695 196	-	137 757
Шет ел валютасындағы шоттардағы ақша қаражаттары (USD)	5 682.80	2 170	68 077.06	25 899
Бағдарламаны қаржыландыруға арналған арнайы шоттардағы ақша қаражаттары (Ескертпе 25).	-	6 717	-	458
Басқа да ақша қаражаттары	-	-	-	62
<b>Жиыны</b>		<b>704 083</b>		<b>164 176</b>





«Standard & Poor 's» халықаралық рейтинг агенттігінің деректеріне сәйкес осы банктердің рейтингі 28-Ескертпеде келтірілген.

## 5. Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар

	31.12.2019ж.	31.12.2018ж.
Қазақстандық екінші деңгейдегі банктерде орналастырылған депозиттер (Ескертпе 5.1)	-	330 866
<b>Жиыны</b>	<b>-</b>	<b>330 866</b>

5.1 Қысқа мерзімді депозиттер Компанияның ақша қаражаттарына қажеттілігіне қарай әртүрлі мерзімге орналастырылады (он екі айға дейін). Бұндай депозиттерге қысқа мерзімді депозиттерге арналған сәйкес ставкалар бойынша пайыздар есептеледі:

	Сальдо 01.01.2019 ж	Депозиттің толықтырылуы	Сыйақы есептелген	КТС ұсталған	Төленген	Сальдо 31.12.2019ж
«БанкЦентрКредит» АҚ	103 866	-	5 314	(797)	(108 383)	-
«ForteBank» АҚ	127 000	7 460 092	8 289	1 243)	(7 594 138)	-
«ДБ Сбербанк» АҚ	100 000	50 000	6 222	(933)	(155 289)	-
«Народный банк» АҚ	-	2 290 000	3 595	(539)	(2 293 056)	-
<b>Жиыны</b>	<b>330 866</b>	<b>9 800 092</b>	<b>23 420</b>	<b>(3 512)</b>	<b>(10 150 866)</b>	<b>-</b>

